

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ
1063 ж. « 19 » 10 заңды
тұлға мемлекеттік тіркеуден қайта өткізілді
№ 9527-1910-02-17 куәлік
Алғашқы тіркелген күні 1996 ж. « 26 » 04
министерство юстиции республики казахстан
произведена государственная перерегистрация
юридического лица « 19 » 10 2023 г.
свидетельство № 9527-1910-02-17
Дата первичной регистрации « 26 » 04 1996 г.
БСН/БИН 960740000724

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және ақпарат
министрінің
2023 жылғы « 02 » қазан
№ 389-НҚ бұйрығына
5-қосымша

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің
«Ахмет Жұбанов атындағы дарынды балаларға арналған
республикалық казак мамандандырылған музыка мектеп-интернаты»
республикалық мемлекеттік мекемесінің
ЖАРҒЫСЫ

Алматы қаласы, 2023 жыл

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Ахмет Жұбанов атындағы дарынды балаларға арналған республикалық қазақ мамандандырылған музыка мектеп-интернаты» республикалық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Мектеп-интернаты) мамандандырылған музыкалық және жалпы орта білім беру функцияларын жүзеге асыру үшін мекеме ұйымдық құқықтық нысанында құрылған, заңды тұлға мәртебесіне ие коммерциялық емес ұйым болып табылады.

2. Мектеп-интернаты Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің 1964 жылғы 18 шілдедегі № 495 қаулысына сәйкес қалыптасқан.

«Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің мәселелері» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 19 қарашадағы № 1754 қаулысына сәйкес «А. Жұбанов атындағы республикалық қазақ орта музыка мектеп-интернаты» мемлекеттік мекемесі құрылды.

«Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «А. Жұбанов атындағы республикалық қазақ орта музыка мектеп-интернаты» мемлекеттік мекемесін қайта атау туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 7 қазандағы № 1041 қаулысымен «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «А. Жұбанов атындағы дарынды балаларға арналған республикалық қазақ орта мамандандырылған музыка мектеп-интернаты» мемлекеттік мекемесі болып қайта аталды.

«Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 31 желтоқсандағы № 1440 қаулысымен Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «А. Жұбанов атындағы дарынды балаларға арналған республикалық қазақ мамандандырылған музыка мектеп-интернаты» республикалық мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің «А. Жұбанов атындағы дарынды балаларға арналған республикалық қазақ мамандандырылған музыка мектеп-интернаты» республикалық мемлекеттік мекемесі болып қайта аталған.

«Республикалық мемлекеттік заңды тұлғалардың кейбір мәселелері және Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Республикалық ономастика комиссиясы туралы» 1998 жылғы 21 сәуірдегі № 368 және «Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің мәселелері» туралы 2014 жылғы 23 қыркүйектегі №1003 қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 9 қыркүйектегі № 624 қаулысымен Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің «А. Жұбанов атындағы дарынды балаларға арналған республикалық қазақ мамандандырылған музыка мектеп-интернаты» республикалық мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Мәдениет комитетінің «Ахмет Жұбанов атындағы дарынды балаларға

арналған республикалық қазақ мамандандырылған музыка мектеп-интернаты» республикалық мемлекеттік мекемесі болып қайта аталды.

«Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 16 наурыздағы № 224 қаулысымен Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Мәдениет комитетінің «Ахмет Жұбанов атындағы дарынды балаларға арналған республикалық қазақ мамандандырылған музыка мектеп-интернаты» республикалық мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің «Ахмет Жұбанов атындағы дарынды балаларға арналған республикалық қазақ мамандандырылған музыка мектеп-интернаты» республикалық мемлекеттік мекемесі болып қайта аталды.

«Кейбір республикалық заңды тұлғалардың атын өзгерту туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің міндетін атқарушының 2023 жылғы 13 қыркүйектегі № 369-НҚ бұйрығына сәйкес Мектеп-интернатың атауы Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Ахмет Жұбанов атындағы дарынды балаларға арналған республикалық қазақ мамандандырылған музыка мектеп-интернаты» республикалық мемлекеттік мекемесі болып қайта аталды.

3. Мектеп-интернаттың құрылтайшысы – Қазақстан Республикасының Үкіметі болып табылады.

4. Тиісті саланың уәкілетті органы, сондай-ақ оған қатысты мектеп-интернаттың мүлкіне қатысты құқық субъектісінің функцияларын жүзеге асыратын орган – Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі (бұдан әрі-тиісті саланың уәкілетті органы).

5. Мектеп-интернаттың атауы:

толық:

мемлекеттік тілде: Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Ахмет Жұбанов атындағы дарынды балаларға арналған республикалық қазақ мамандандырылған музыка мектеп-интернаты» республикалық мемлекеттік мекемесі;

орыс тілінде: республиканское государственное учреждение «Республиканская казахская специализированная музыкальная школа-интернат для одаренных детей имени Ахмета Жубанова» Министерства культуры и информации Республики Казахстан;

қысқаша:

мемлекеттік тілде: «Ахмет Жұбанов атындағы дарынды балаларға арналған республикалық қазақ мамандандырылған музыка мектеп-интернаты» РММ;

орыс тілінде: РГУ «Республиканская казахская специализированная музыкальная школа-интернат для одаренных детей имени Ахмета Жубанова».

6. Мектеп-интернаттың орналасқан жері: 050040 Алматы қаласы, Алмалы ауданы, М.Әуезов көшесі, 66/5.

2-тарау. Мектеп-интернаттың заңды мәртебесі

7. Мектеп-интернаттың Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дербес тенгерімі, банкте шоттары, бланкілері, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген және Мектеп-интернаттың атауы жазылған мөрі болады.

8. Мектеп-интернат басқа заңды тұлғаны құра алмайды, сондай-ақ оның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды, Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда.

9. Мектеп-интернат өзінің міндеттемелері бойынша өзінің кепілдігіндегі ақшамен жауап береді. Мектеп-интернатта ақша жеткіліксіз болған кезде оның міндеттемелері бойынша Қазақстан Республикасы тиісті бюджет қаражатымен субсидиялық жауапты болады.

10. Мектеп-интернаттың азаматтық-құқықтық мәмілелері, олардың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық бөлімшелерінде міндетті тіркелгеннен кейін, күшіне енеді.

3-тарау. Мектеп-интернат қызметінің мәні мен мақсаттары

11. Мектеп-интернат қызметінің мәні – мамандандырылған музыкалық және жалпы орта білім беруді ұйымдастыру.

12. Мектеп-интернат қызметінің мақсаты:

1) Қазақстан Республикасының музыкаға дарынды балаларын анықтау, оларды оқыту және тәрбиелеу;

2) жоғары оқу орындарында әрі қарай білім алу үшін мәдениет, өнер саласындағы тиісті заманауи талаптарға сәйкес келетін жоғары кәсіби музыкант-орындаушыны даярлау;

3) жеке тұлғаның шығармашылық, рухани және физикалық мүмкіндіктерін дамыту, адамгершіліктің, салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, жеке даралықты үшін жағдай жасау арқылы ой-өрісін байыту;

4) Қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа, Отанды сүйуге, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, халықтық дәстүрлерді қадірлеуге, Конституцияға және қоғамға қарсы жасалған кез-келген әрекеттерге төзбеуге тәрбиелеу.

13. Мектеп-интернат мақсатқа қол жеткізу үшін мынадай қызмет түрлерін жүзеге асырады:

1) жас музыканттарды даярлау саласында эксперименттік-педагогикалық жұмыстар жүргізу, жаңа педагогикалық технологияларды оқу-тәрбие процесіне интеграциялау, музыкаға дарынды балалардың ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін ескере отырып, олардың белсенді танымдық қызметіне бағытталған қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы бейімделген оқу бағдарламаларын іске асыру;

2) оқушылардың шығармашылық өзін-өзі дамытуына жағдай жасау, музыкаға дарынды балалардың рухани және әлеуетті мүмкіндіктерін дамыту;

3) әлемдік және отандық мәдениеттің жетістіктеріне баулу, қазақ халқының және Қазақстан Республикасында тұратын басқа да халықтардың тарихын, музыкалық мұрасын зерделеу.

14. Мектеп-интернаттың осы жарғыда бекітілген өз қызметінің мәні мен мақсаттарына сай келмейтін қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелер жасауға тыйым салынады.

15. Мектеп-интернат Қазақстан Республикасының заңдарымен немесе құрылтай құжаттарымен нақты шектелген не оның басшысының жарғылық құзыретін бұза отырып, қызмет мақсаттарына қайшы жасалған мәміле: тиісті саланың уәкілетті органның, мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның, прокурордың талап-арызы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

4-тарау. Мектеп-интернатты басқару

16. Мектеп-интернатты жалпы басқаруды тиісті саланың уәкілетті органы жүзеге асырады.

17. Тиісті саланың уәкілетті органы заңнамада белгіленген ретпен мынадай функцияларды жүзеге асырады:

- 1) мектеп-интернатқа мүлікті бекітіп береді;
 - 2) мектеп-интернаттың жеке қаржыландыру жоспарын бекітеді;
 - 3) мектеп-интернат мүлкінің сақталуына бақылауды жүзеге асырады;
 - 4) мектеп-интернаттың Жарғысын бекітеді, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді;
 - 5) мектеп-интернаттың басқару органдарының құрылымын, құрылуы тәртібін және өкілеттік мерзімін, Мектеп-интернаттың шешімдер қабылдау тәртібін анықтайды;
 - 6) мектеп-интернат директорының құқықтарын, міндеттері мен жауапкершілігін, оны лауазымынан босату негіздерін айқындайды;
 - 7) мектеп-интернаттың құрылымы мен шекті штаттық санын бекітеді;
 - 8) мектеп-интернат директорының ұсынымы бойынша оның орынбасарларын лауазымына тағайындайды және лауазымынан босатады;
 - 9) жылдық қаржы есептілікті бекітеді;
 - 10) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органға Мектеп-интернатқа берілген немесе ол өзінің шаруашылық қызметінің нәтижесінде сатып алған мүлікті алып қоюға немесе қайта бөлуге жазбаша келісімін береді;
 - 11) Мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның келісімі бойынша Мектеп-интернатты қайта ұйымдастыруды және таратуды жүзеге асырады;
 - 12) осы жарғының және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де функцияларды жүзеге асырады.
18. Мектеп-интернаттың директоры Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, тиісті саланың уәкілетті органымен қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

19. Мектеп-интернаттың директоры мектеп-интернаттың жұмысын ұйымдастырады және басшылық етеді, тиісті саланың уәкілетті органына тікелей бағынады (Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда), және Мектеп-интернатқа жүктелген міндеттер мен олардың өз функцияларын жүзеге асыруына жеке жауапты болады.

20. Мектеп-интернаттың директоры дара басшылық қағидаты бойынша әрекет етеді және мемлекеттік мекеме қызметінің барлық мәселелерін Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы жарғыда айқындалатын өз құзыретіне сәйкес дербес шешеді.

21. Мектеп-интернат директорының мектеп-интернаттың жарғылық емес қызметті жүзеге асыруға бағытталған әрекеті еңбек міндеттемелерін бұзу болып табылып, тәртіптік және материалдық жауапкершілікке әкеледі.

22. Мектеп-интернат директоры қызметті жүзеге асыруы барысында Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

- 1) Мектеп-интернат атынан сенімхатсыз әрекет етеді;
- 2) мемлекеттік органдарда, басқа да ұйымдарда Мектеп-интернаттың мүддесін білдіреді;
- 3) шарттар жасайды;
- 4) сенімхаттар береді;
- 5) Мектеп-интернаттың іссапарларға, тағылымдамаға, қызметкерлерді қазақстандық және шетелдік оқу орталықтарында оқыту және қызметкерлердің біліктілігін жоғарылатудың өзге де түрлеріне байланысты тәртібі мен жоспарларын бекітеді;
- 6) банк шоттарын ашады;
- 7) Мектеп-интернаттың барлық қызметкерлері үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;
- 8) тиісті саланың уәкілетті органы тағайындайтын қызметкерлерден басқа, Мектеп-интернат қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және жұмыстан босатады;
- 9) Мектеп-интернат қызметкерлеріне, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көтермелеу және жазалау шараларын қолданады;
- 10) өз орынбасарларының және мектеп-интернаттың өзге де басшы қызметкерлерінің міндеттері мен өкілеттіктер аясын айқындайды;
- 11) оған Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы Жарғымен және тиісті саланың уәкілетті органымен жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

5-тарау. Мектеп-интернат мүлкінің құрылу тәртібі

23. Мектеп-интернаттың мүлкін құны оның теңгерімінде айқындалатын заңды тұлғаның активтері құрайды. Мектеп-интернаттың мүлкі мыналардың:

- 1) оған меншік иесі берген мүлік;
- 2) өз қызметі барсында сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда);

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де қаржық өздері себінен құрылады.

24. Мектеп-интернат дербес иеліктен шығаруға немесе оған бекітілген мүлік пен оған смета қаражаты бойынша мүлікке өзгеше тәсілмен иелік етуге бөлінген құқығы жоқ.

25. Егер Қазақстан Республикасының заңдарымен Мектеп-интернатқа кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 161-бабының 2-тармағында көзделген салалардағы мемлекеттік мекемелер өндіретін тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түсетін ақшаны қоспағанда, мұндай қызметтен алынған ақша тиісті бюджеттің есебіне жатқызылады.

26. Мектеп-интернаттың қызметін тиісті саланың уәкілетті органы бюджетінен қаржыландырады.

27. Мектеп-интернат бухгалтерлік есеп жүргізеді және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес есептілік ұсынады.

28. Мектеп-интернаттың қаржылық-шаруашылық қызметін тексеру және ревизия жүргізуді Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тиісті саланың уәкілетті органы жүзеге асырады.

6-тарау. Іске асырылатын білім беру бағдарламаларының тізбесі

29. Мектеп-интернат Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2015 жылғы 27 ақпандағы № 77 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10921 тіркелген) бекітілген Мәдениет және өнер саласындағы білім беру ұйымдары қызметінің қағидаларына сәйкес дарынды балалардың мәдениет және өнер негіздерін терең игеруіне бағытталған элитарлық білім беруді қамтамасыз ететін мамандандырылған және жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асырады.

30. Мектеп-интернаттағы білім беру бағдарламалары «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 тіркелген), «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығына (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8424 тіркелген) сәйкес жұмыс оқу жоспарлары мен бағдарламалары бойынша іске асырылады.

31. Мектеп-интернаттың әкімшілігі «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес бекітілетін техникалық және кәсіптік білім

беру мамандықтары бойынша үлгілік оқу жоспарлары мен үлгілік оқу бағдарламалары негізінде мамандандырылған оқу бағдарламаларын әзірлеуді дербес жүзеге асырады және бекітеді.

32. Оқыту процесінде бастауыш, негізгі орта, жалпы орта және мамандандырылған музыкалық білім беру бағдарламалары іске асырылады.

Білім беру бағдарламалары келесі бөлімдер бойынша іске асырылады:

1. Жалпы білім беру бөлімі;
2. Музыкалық бөлім келесі мамандықтардан тұрады:
 - 1) арнайы фортепиано;
 - 2) скрипка, альт;
 - 3) виолончель, контрабас және арфа;
 - 4) халық аспаптары;
 - 5) үрмелі және ұрмалы аспаптар;
 - 6) хормен дирижерлеу;
 - 7) музыка теориясы, тарихы және композиция

33. Мектеп-интернат білім беру процесін үш деңгейде білім берудің жалпы білім беретін бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырады:

- 1) бірінші деңгей - бастауыш білім беру (1-4 сынып);
- 2) екінші деңгей - негізгі орта білім беру (5-9-сынып);
- 3) үшінші деңгей - жалпы орта білім беру (10-12-сынып).

7-тарау. Мектеп-интернатқа қабылдау тәртібі

34. Оқушыларды қабылдау және ауыстыру тәртібі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 564 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17553 болып тіркелген) Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына (бұдан әрі – Қабылдау қағидалары), сондай-ақ осы Жарғыға сәйкес жүзеге асырылады.

35. Мектеп-интернатқа түсу құқығын Қазақстан Республикасы азаматтарының, Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын шетел азаматтарының балалары пайдаланады.

36. Мектеп-интернатқа оқуға қабылдау конкурс негізде (бұдан әрі - Конкурс) жүргізіледі, мерзімдері, формасы мен тапсырмаларын Мектеп-интернат дербес белгілейді.

37. Конкурстық комиссияның құрамына конкурстық комиссияның төрағасы, музыка бөлімдерінің меңгерушілері, педагогтер, психолог, Мектеп-интернаттың дәрігері, арнайы мониторингтік топтардың, қоғамдық ұйымдардың өкілдері кіреді.

38. Конкурстық комиссияның төрағасы Мектеп-интернаттың директоры болып табылады. Комиссия мүшелерінің саны тақ санды құрап, бірақ жеті адамнан кем болмауы тиіс.

39. Конкурстық іріктеуді өткізу кестесі Мектеп-интернаттың интернет-ресурстарында орналастырылады.

40. Мектеп-интернатта оқуға түсуге үміткер-балаларды іріктеу олардың конкурсқа тікелей қатысуымен жүргізіледі. Білім алушыларды қабылдаудың айқындығын қамтамасыз ету үшін Мектеп-интернатта конкурстық іріктеу барысы бейнежазбаның техникалық құралдарының көмегімен тіркеледі.

41. Жинаған балдар тең болған жағдайда жеңімпаздар мен жүлдегерлер музыканттардың республикалық және халықаралық конкурстарға қатысу туралы дипломдары бар болғанда мектеп-интернатқа қабылдау кезінде басымдыққа ие болады.

42. Үміткерлерді Мектеп-интернатқа оқуға қабылдау үміткерлердің жинаған ең көп баллдың жиынтығына және бос орындарға сәйкес жүргізіледі.

43. Үміткерлерді конкурстық іріктеу қорытындылары конкурстық комиссияның хаттамасымен ресімделеді және конкурстық іріктеу өткізілгеннен кейінгі келесі күннен кешіктірілмей Мектеп-интернаттың интернет-ресурстарында орналастырылады.

44. Конкурстың қорытындылары бойынша директор Мектеп-интернатқа қабылдау туралы бұйрық немесе резервтік тізімге қабылдау туралы бұйрық шығарады.

45. Резервтік тізімге енгізілген үміткерлер (1-сыныптан басқа) бос орындар болған жағдайда оқу жылы ішінде қабылдануы мүмкін. Бос орындар туралы ақпарат Мектеп-интернаттың интернет-ресурсында орналастырылады.

46. Дарынды балалар-үміткерлердің функционалдық кәсіби, психологиялық және физиологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, Мектеп-интернатқа қабылдау қағидаларына сәйкес Мектеп-интернат олардың арасында 2-3-турдан конкурс өткізеді.

47. Конкурстық іріктеудің нәтижелерімен келіспеген тұлғаның апелляция туралы өтініш беруге құқығы бар. Апелляциялық комиссияның құрамы Мектеп-интернат директорының бұйрығымен бекітіледі. Апелляция туралы өтініш Мектеп-интернат конкурс нәтижелерін қайта қарау туралы өтінішті алған сәттен бастап бір күн ішінде қаралады.

8-тарау. Білім беру процесін ұйымдастыру тәртібі **(оның ішінде оқыту және тәрбиелеу тілі (тілдері), білім** **алушылардың, тәрбиеленушілердің сабақ режимі)**

48. Мектеп-интернаттағы білім беру процессі Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29329 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандандырылған, арнаулы білім, жетім балалар мен ата-

анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, балаларға және ересектерге қосымша білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларына, осы Жарғыға және ішкі еңбек тәртіптемесі қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

49. Мектеп-интернатта пәндерді тереңдетіп оқу үшін факультативтерге және әр сыныпқа аптасына 4 сағат және 0,25 мұғалім ставкасы есебінен оқушылардың таңдауы бойынша қосымша курстар ұйымдастыруға, сондай-ақ мектепке жылына 1500 сағат есебінен жоғары білікті мамандармен шарт негізінде жеке курстар мен лекцияларға ақы төлеуге қаражат бөлінеді.

50. Факультативтік сабақтар мен таңдау бойынша курстар кемінде 10 адамнан құралған топтарда өткізіледі.

51. Мектеп-интернат оқыту формаларын, құралдары мен әдістерін дербес таңдайды.

52. Мектеп-интернат білім алушылардың сұраныстарына және кадр әлеуетінің мүмкіндіктеріне сәйкес бейіндеуші пәндер, сондай-ақ қолданбалы курстар мен факультативтер ішінде білім салаларын айқындайды.

53. Сыныптарды қосымша бөлу жүйесі, икемді вариативтік кесте, деңгей бойынша бөлу, консультациялар және таңдау пәндері жүйесі арқылы жалпы орта білім беру деңгейінде бейіндік дифференциацияны жүзеге асыру үшін Мектеп-интернаттан толық күн режимінде жұмыс істеу талап етеді.

54. Мектеп-интернат жоғары оқу орнымен және өз бейініне сәйкес келетін басқа да ғылыми мекемелермен ынтымақтастықты жүзеге асырады.

55. Мектеп-интернат уәкілетті органның және білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органдардың желісі бойынша, сондай-ақ өз бастамасы бойынша бюджеттен тыс қаражат есебінен халықаралық қызметке қатысады.

56. Мектеп-интернат оқыту, тағылымдама, тәжірибе алмасу, семинарлар, конференциялар, музыкалық олимпиадалар, конкурстар жұмысына қатысу бойынша халықаралық қызметті жүзеге асырады.

57. Мектеп-интернатта оқу күндізгі оқу формасы бойынша жүзеге асырылады.

58. Мектеп-интернатта қашықтықтан оқыту білім беру саласындағы уәкілетті орган және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы айқындайтын тәртіпте жүзеге асырылады.

59. Мектеп-интернатта оқу жылының басталуы және аяқталуы мерзімдері, сондай-ақ білім алушылардың каникулдары мерзімінің ұзақтығы білім беру саласындағы уәкілетті органның бұйрықтары мен нұсқаулық хаттарына сәйкес айқындалады.

9-тарау. Білімдерді ағымдағы бақылау, білім алушыларды аралық және қорытынды аттестаттау жүйесін, оларды өткізудің нысандары және тәртібі

60. Мектеп-интернатта аралық және қорытынды аттестаттаудың және үлгерімді ағымдағы бақылаудың нысаны мен тәртібі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5191 болып тіркелген) бекітілген Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылаудың, оларды аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгі қағидалары негізінде жүзеге асырылады.

61. Жалпы білім беретін пәндер бойынша білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды бөлімдерді (ортақ тақырыптарды) оқыту, тоқсан аяқталғаннан кейін оқу материалдарының мазмұнын меңгеру деңгейін анықтау және қадағалау үшін жиынтық бағалау нысанында педагогтер жүргізеді.

62. Оқу жылының қорытындылары бойынша аралық аттестаттау музыкаға дарынды оқушыларды оқыту ерекшелігіне сәйкес оқу жетістіктері мен дағдыларын бағалау, кәсіби орындаушылық және шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін мамандық және жұмыс оқу жоспарының музыкалық пәндері бойынша жүргізіледі.

63. Оқушылардың жоғары музыкалық дарындылығын және олардың одан әрі кәсіби оқуға жарамдылығын айқындау (анықтау) үшін 1, 4, 9-сыныптар конкурстық болып табылады.

64. Негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын игеру білім алушыларды міндетті қорытынды аттестаттаумен аяқталады және төмендегі нысанда жүргізіледі:

1) 9 сыныптардың білім алушылары үшін қорытынды бітіру емтихандары;

2) 11 және 12 сыныптардың білім алушылары үшін мемлекеттік бітіру емтихандары.

65. Мектеп-интернаттың 11 сынып білім алушыларын қорытынды аттестаттау мынадай жазбаша емтихан нысанында өткізіледі:

1) қазақ тілі бойынша;

2) алгебра және анализ бастамалары бойынша.

66. Мектеп-интернаттың 12 сынып білім алушыларын қорытынды аттестаттау мынадай нысандарда өткізіледі:

1) Қазақстан тарихынан емтихан;

2) орыс тілінен емтихан;

3) білім алушының таңдауы бойынша пәннен (физика, химия, биология, география, геометрия, дүниежүзі тарихы, құқық негіздері, әдебиет, шетел тілі (ағылшын, француз, неміс), информатика) емтихан.

4) мамандық бойынша және музыкалық-теориялық пәндерден емтихандар нысанында өткізіледі.

67. 5-9 (10) сыныптарда оқу кезеңінде барлық пәндер бойынша «5» жылдық және қорытынды бағаларын алған 9 (10) сыныптарының білім

алушыларына Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 28 қаңтардағы № 39 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10348 болып тіркелген), (бұдан әрі – № 39 бұйрық) бекітілген нысанға сәйкес негізгі орта білім туралы үздік аттестат беріледі.

68. Жалпы орта білім туралы аттестатқа қосымшаға енгізуге жататын пәндер бойынша «5» бағасын алған, 10-12 сыныптарда оқу кезеңінде барлық пәндер бойынша «5» жылдық, қорытынды бағаларын алған 12-сынып оқушыларына № 39 бұйрықпен бекітілген нысанға сәйкес жалпы орта білім туралы үздік аттестат беріледі.

69. Кәсіптік даярлық туралы куәлікке қосымшаға енгізуге жататын пәндер бойынша «5» бағасын алған, жылдық, қорытынды «5» бағаларын алған 12-сынып оқушыларына № 39 бұйрыққа сәйкес Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Ахмет Жұбанов атындағы дарынды балаларға арналған республикалық қазақ мамандандырылған музыка мектеп-интернаты» республикалық мемлекеттік мекемесін үздік бітіргені туралы куәлік беріледі.

10-тарау. Мектеп-интернаттың білім алушыларды, тәрбиеленушілерді оқудан шығару негіздері және тәртібі

70. Білім алушы мектеп-интернаттан төмендегі жағдайларда:

- 1) оқушы ата-аналарының немесе өзге де заңды өкілдерінің өтініші бойынша;
- 2) дәрігерлік-консультациялық комиссияның (ДКК) анықтама-қорытындысы негізінде денсаулық жағдайы бойынша;
- 3) басқа білім беру ұйымына ауысуына байланысты;
- 4) аралық немесе қорытынды аттестаттаудың қанағаттанарлықсыз нәтижелері үшін;
- 5) Мектеп-интернаттың ішкі тәртіптеме қағидаларын және Жарғысын бұзғаны үшін;
- 6) Мектеп-интернат пен білім алушының ата-анасы (заңды өкілі) арасындағы шарт талаптарын орындамағаны үшін;
- 7) ата-аналары немесе заңды өкілдері оқуға түсу кезінде азаматтығы немесе білімі туралы мәліметтерді қоса алғанда өзі туралы жалған немесе дәйексіз мәліметтер бергені үшін;
- 8) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге де негіздер бойынша шығарылуы мүмкін.

71. Мамандандырылған, музыкалық-теориялық және жалпы білім беретін пәндер бойынша бағдарламаларды меңгеру мен дамытудың жеткілікті деңгейін көрсетпеген, мектеп-интернатта музыканы одан әрі кәсіптік оқытуға жарамсыз оқушылар мектеп-интернаттың педагогикалық кеңесінің шешімі бойынша оқушының тұрғылықты жері бойынша оқу орындарына ауыстырылады;

72. Мектеп жанындағы интернатқа тәрбиеленушілерді қабылдау және шығару тәртібі Мектеп-интернаттың ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады.

11-тарау. Ақылы қызмет көрсетудің тізбесі және тәртібі

73. Мектеп-интернат ақылы қосымша білім беру қызметтерін көрсетеді. Ақылы білім беру қызметтері бюджеттен қаржыландырылатын негізгі білім беру қызметі шеңберінде және оның орнына көрсетілмейді.

74. Мектеп-интернат ақылы қызметтер көрсету туралы тиісті шартты жасай отырып, ақылы негізде төмендегі қызметтерді көрсетуге құқылы:

1) қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыру (балалар мен жасөспірімдердің шығармашылығын, спорт, мәдениет және өнер саласындағы бейімдіктері мен қызығушылықтарын дамыту);

2) оқу жоспары мен бағдарламалары бойынша бөлінген оқу уақытынан тыс пәндер (пәндер және пәндер циклдері) бойынша кейбір білім алушылармен қосымша сабақтар ұйымдастыру;

3) музыкалық аспаптарды пайдалануға беру;

4) дене шынықтыру-сауықтыру және спорт құрылыс-жайларын мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру;

5) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес өзге де ақылы қызметтер көрсету.

75. Мектеп-интернат мүліктік жалдауға (жалға алуға) беруден түскен кірістерді өз бетінше пайдаланады.

12-тарау. Білім беру ұйымының білім алушылармен, тәрбиеленушілермен және (немесе) олардың ата-аналарымен және өзге де заңды өкілдерімен қатынастарын ресімдеу тәртібі

76. Мектеп-интернатта білім алушылардың құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерімен, осы Жарғымен, Мектеп-интернаттың ішкі тәртіптеме қағидаларымен, білім алушыларға білім беру қызметтерін көрсету шартымен айқындалады.

13-тарау. Мектеп-интернаттағы жұмыс тәртібі

77. Мектеп-интернаттың жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртіптемесі қағидаларымен белгіленеді және Қазақстан Республикасы Еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

14-тарау. Құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

78. Мектеп-интернаттың құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу тиісті саланың уәкілетті органының шешімі бойынша жүзеге асырылады, және «Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы» Қазақстан Республикасы Заңға сәйкес аймақты тіркеу органдарында тіркеледі.

15-тарау. Мектеп-интернатты қайта ұйымдастыру және тарату шарттары

79. Мектеп-интернатты қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша жүргізіледі.

80. Мектеп-интернат заңнамалық актілермен басқа да негіздер бойынша таратылуы мүмкін.

81. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, Мектеп-интернатты қайта ұйымдастыруды және таратуды мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның келісімі бойынша тиісті саланың уәкілетті органы жүзеге асырады.

82. Кредит берушілердің талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған таратылған Мектеп-интернаттың мүлкін мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган қайта бөледі.

83. Таратылған Мектеп-интернаттың мүлкін өткізу нәтижесінде алынған қаражатты қоса алғанда, осы мекеменің кредиторлардың талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған ақшасы тиісті бюджет кірісінің есебіне жатқызылады.

16-тарау. Мектеп-интернаттың филиалдары мен өкілдіктері туралы мәліметтер

84. Мектеп-интернаттың филиалдары мен өкілдіктері жоқ.

Қазақстан Республикасы Мәдениет
және ақпарат министрлігінің
«Ахмет Жұбанов атындағы
дарынды балаларға
арналған республикалық
казак мамандандырылған
музыка мектеп-интернаты»
республикалық мемлекеттік
мекемесінің директоры



Н. Н. Аширов

КАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ АЛМАТЫ ҚАЛАЛЫҚ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ	
НӨМІРЛЕНГЕН, ТІГІЛГЕН ЖӘНЕ МӘТІНДІ БАСЫЛГАНЫ БАРЛЫҒЫ	10
2023 ж. 19	19
МИНИСТЕРСТВО ЮСТИЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН ДЕПАРТАМЕНТ ЮСТИЦИИ ГОРОДА АЛМАТЫ	
ВСЕГО ПРОНУМЕРОВАНО, ПРОШНУРОСТА И ОКРЕПЛЕНО ПЕЧАТЮ НА	
19	19
20 ж.	
Мектеп директоры	Н.Аширов
Нөмірінен, байланған	бет.